

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Файлдармен жұмыс

ЖАРИЯЛАНДЫ
09.08.2024СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/160735/

«Орта мектеп—гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі				
Қысқа мерзімді жоспар				
Бөлім	Python (пайтон) тілінде алгоритмдерді программалау			
Педагогтың аты-жөні	Кордабаев Бекзат Муханович			
Күні				
Сынып: 7	Қатысушылар саны		Қатыспағандар саны	
Сабақтың тақырыбы:	Файлдармен жұмыс			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	7.3.3.1 Python (пайтон) программалау тілінде файлды оқу және жазу			
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар:			
	Файлдармен жұмыс істеуді біледі			
	Көптеген оқушылар:			
	Кіру файлы мен шығу файлын қолданып, деректерді өңдей алады			
Сабақтың мақсаты:	Кейбір оқушылар:			
	Файлдарды ашу, оқу, жазу және жабу командаларын қолданып, программа құра алады			

Сабақтың барысы:

Сабақтың кезені/ уақыт	Педагогтың әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 3 мин	1.Оқушылармен амандасады.	1.Мұғаліммен амандасады.	«Ыстық жүрек» тренингі	Презентация
6 мин	2.Сыныпта ынтымақтастық атмосферасын қалыптастырады. Ол үшін «Ыстық жүрек» тренингін өткізеді. Қағаз бөліктерін оқушыларға таратады.	2.Оқушылар бір-біріне жүректен шыққан ыстық лебіздерін білдіреді. Қағаз бөліктерінен пазл құрастырады. Нәтижесінде «Ыстық жүрек» шығады.		Қағаз бөліктері
1 мин	3.Өткен тақырыптарды пысықтау үшін OnlineMekter – Bilimland білім беру порталында тапсырма беріледі. Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарымен таныстырады.	3. OnlineMekter – Bilimland білім беру порталын ашып, дүйсенбі күнгі кестеде «Программалау жүйелері» тақырыбы бойынша тапсырмалар орындайды.	Сабақ мониторингі бойынша ҚБ	
	4.Сабақтың тақырыбы мен оқу мақсатымен таныстырады.	4.Сабақтың тақырыбы мен мақсатымен танысады.		

Сабақтың ортасы 5 мин	5. Жаңа тақырыпты түсіндіру үшін «Файлдармен жұмыс» тақырыбында видео көрсетеді. Видео бойынша алған білімдерін сұрайды.	5. Видеоны мұқият көреді. Алған білімдерімен өзара бөліседі. Файлдармен жұмыс жасауда файлды ашу, оқу және жазу, жабу командаларын дәптерге жазады		Жұмыс дәптері
5 мин	6. Жаңа терминдермен таныстыру мақсатында «TARSIA» әдісін қолданады. Әдісте қазақ, орыс және ағылшын тіліндегі жаңа сөздерді аудармасымен сәйкестендіру қажет.	6. «TARSIA» әдісі арқылы сөздерді аудармасымен сәйкестендіріп, пирамида құрастырады, осылайша жаңа сөздерді, командаларды үйренеді.	ҚБ «Бас бармақ»	Үшбұрыш қағаз бөліктері
15 мин	7. Оқушыларға компьютермен жұмыс үшін келесі тапсырмалар беріледі: 1-тапсырма. Input.txt мәтіндік файлында аралары бос орынмен ажыратылған a, b, c бүтін сандары берілген. Осы сандардың арифметикалық ортасын табатын программа құрастыр. Нәтижені Output.txt файлына жаз. 2-тапсырма. a.txt мәтіндік файлында аралары бос орынмен ажыратылған m және p сандары берілген. Осы сандардың соңғы цифрларының көбейтіндісін тап. Нәтижені b.txt файлына жаз. 3-тапсырма. Файлдарға жазбаларды қосу режимін пайдаланып, 2-тапсырмадағы b.txt файлында жазылған жолдың астына 60 санын жаңа жолдан қосып жаз.	7. Оқушылар тапсырмаларды таңдап алады, компьютерде Python бағдарламасын ашып, код жазады. 1-тапсырманы орындайды	Дескриптор	Оқулық Информатика 7-сынып Р.А. Қадырқұлов, Ә.Д. Рысқұлбекова, Г.К. Нұрмұханбетова Алматыкітап баспасы 2021 4.1. 109-бет
5 мин	8. Оқушылардың алған білімдерін жинақтау үшін оларға TopIQ цифрлы оқулықтардың платформасында тақырып бойынша тапсырмаларды береді.	2-тапсырманы орындайды	Білім алушы: Файлды ашу, оқу, жазу және жабу командаларын қолданып программа құра алады	
		3-тапсырманы орындайды	ҚБ «От шашу»	
		8. Оқушылар білімдерін жинақтау интербелсенді тақтадан TopIQ цифрлы оқулықтардың платформасында тақырып бойынша интербелсенді тапсырмаларды орындайды.		
Сабақтың соңы 3 мин	9. Кері байланыс алу үшін оқушыларға Padlet тақтасының сілтемесін телефонға жібереді.	9. Сілтеме арқылы өтіп Padlet тақтасында сабаққа кері байланыс береді.	«Екі тілек, бір ұсыныс»	
2 мин	10. Үй тапсырмасын береді: 4.1. тақырыбын оқу; iTest.kz білім порталында «Алгоритмдеу және бағдарламалау» тақырыбында тест сұрақтарын орындау.	10. Үй тапсырмасын орындайды.		
	11. Қорытынды.			

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.